

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УЎЗИРЛИГИ
ЎЖИНИАЗ АТЫНДАҒЫ НӨКИС МЕМЛЕКЕТТИК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ**

**ШЕТ ТІЛДЕР ФАКУЛЬТЕТИ
«ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТИ» КАФЕДРАСЫ**

«Мектепте батырлық жырларды оқыту әдістері» тақырыбындағы

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Орындаған: «Қазақ тілі және әдебиеті» тәлім
бағдарының бітірушісі 4 курс студенті
Дүйсенғалиева Құралай

ҒЫЛЫМИ БАСШЫ: үлкен оқытушы _____ Т.Төрткулбаева

Бітіру мамандық жұмысы кафедрадан қорғаудан өтті.

_____ санды протоколы «__» _____ 2016 жыл

НӨКИС-2016

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2016 жыл ___№ _____ санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Шет тілдер факультеті

деканы:

доц. Д.Мамырбаева

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к. доц. А.Оразымбетов

Ғылыми жетекші:

үлкен оқытушы. Т.Төрткулбаева

Дүйсенғалиева Құралайдың «Мектепте батырлық жырларды оқыту әдістері» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен

« ____ » (_____ %) қойылсын.

« ____ » _____ 2016 жыл

МАК хаткері:

Т.Төрткулбаева

Ж О С П А Р

Кіріспе

I Т А Р А У

1.1. Батырлар жырының өзіндік ерекшелігі мен тәрбиелігі

1.2. «Қобыланды батыр» жырын оқыту жолдары

II Т А Р А У

2.1. «Қобыланды батыр» жырын оқытуда көрнекі құралдардан пайдалану

2.2. «Қобыланды батыр» жырын компьютер технологиясы арқылы үйрену

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

Автордың аннотациясы

Тақырыптың көкейтестілігі: Заманагөй білімдендіру системасында педагогикалық технология тәлім-тәрбие процесін ұйымдастыру, басқару және тексеру жұмыстарында кең қолданылады. Педагогикалық технология жан-жақты дамыған жеке адамды қалыптастыру қызметі болғандықтан, әдебиет пәнін оқыту барысында заманагөй педагогикалық технология құралдарын қолдану арқылы оқушылардың терең білім алып, белсендігін асыруына мүмкіндік жарататындығын «Қобыланды батыр» жырын оқыту арқылы таныту.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Жұмысымыздың негізгі мақсаты – әдебиет сабағында «Қобыланды батыр» жырын оқытуда заманагөй педагогикалық технология құралдарын қолдану, сол арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, еркін пікірлеуіне мүмкіндік жарату.

Зерттеу объекті мен предметі: Әрбір сабақтың мазмұнды, қызықты өтуі үшін мұғалімдер бар білімін, күшін жұмсайды, әр түрлі оқыту құралдарынан пайдаланады. Солардың ең тиімдісі – заманагөй педагогикалық технология құралдары. Жұмысымыздың негізгі объекті – осы құралдардың түрлерін «Қобыланды батыр» жырын оқыту барысында қалай пайдалану жолдарын түсіндіру.

Бітіру мамандық жұмысымызды жазу процесінде заманагөй педагогикалық технология құралдарынан пайдалану жолдарын, әдістерін байқатуда Ә.Қоңыратбаев, М.Валиева, Т.Мейірманқұлова, Жұмажанова Т, Йулдашев Ж, Т.Абдиреймова және басқа педагог, әдебиетші-ғалым, әдіскерлердің еңбектерінен пайдаланылды.

Зерттеу методикасы және әдістері: Әдебиет сабағында көрнекі құралдарды ғылыми-теориялық, салыстырмалы және көргізбелі әдістерді

қолдану арқылы пайдаланылады.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: «Қобыланды батыр» жырын заманагөй педагогикалық технология құралдары арқылы оқытуда көрнекі құрал болып есептелетін компьютер, теледидар, CD диск, сызба, кесте, аудио, видео құралдардан қалай пайдалану жолдарын түсіндіріп беру.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы мен ұсынысы: «Қобыланды батыр» жырын оқытуда заманагөй педагогикалық технология құралдарын пайдалану оқушылардың әдебиетке, соның ішінде ауыз әдебиетіне болған қызығушылығын арттырып, еркін пікірлеуіне, білім дәрежесінің өсуіне жол ашады. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің сабақ өтуінде, жоғары оқу орнында жаңа педагогикалық технология, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманагөй технологиясы, қазақ ауыз әдебиеті, қазақ әдебиетін оқыту методикасы пәндерінен лекция текстерін дайындауда, семинар, практикалық жұмыстар өткеруде пайдалануына болады.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-іздігі: Жұмыс кіріспе мен қорытындыдан басқа үлкен екі тараудан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде жұмыстың мақсаты мен мазмұнына тоқталып, негізгі бөлімде «Қобыланды батыр» жырын оқытуда заманагөй педагогикалық технология құралдарын, көрнекі құралдарды қалай қолдану әдістері баяндалып, жұмыста ізбе-іздік сақталған.

Ғылыми басшы:

үлкен оқыт. Т.Төртқұлбаева

Студент :

Қ.Дүйсенғалиева

КІРІСПЕ

«Хар қандай инсоннинг энг мўътабар орзуси, астойдил интилган асосий мақсади – соғлом, баркамол авлодни тарбиялаш, ҳар томонлама комил инсонни етказишдан иборат» [1,8] -деп Елбасымыз айтқандай, мемлекетіміздің келешегі болған жастарды жетік тұлға етіп тәрбиелеу керек.

Тәлім мазмұны оқыту системасының маңызды құрамды бөлігі болып, оның негізгі мақсаты тәлім мазмұнының МТС-да белгіленген талаптарға сай болуы тиіс. Оқыту системасында ұйымдастырушылық-басқару, экономикалық, хұқықтық реформалардың мәні жаңа жоғары сапалы білімдендіру процесін ұйымдастырудың барлық мүмкіндіктері мен механизмін белгілеп беруді талап етеді. Мұндай ұйымдастырушылық іс-әрекеттердің мақсаты жаңаланған тәлім мазмұнын практикада қолдану болып табылады.

Қазақ ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан күрделі саласының бірі-батырлар жыры. Бұл жырлардың көпшілігі халықтың отанды сүю, басқыншы жаудан ел қорғау, халық үшін ерлік еңбек ету идеясынан туған. Басқыншы жаудың шапқыншылық шабуылдарына қарсы аттанған, одан ел-жұртын қорғап қалған батырларды, олардың ерлік істерін ардақтап халық аңыз-әңгіме жырына қосқан. Сондай-ақ, халық адал еңбекті, еңбек адамдарының көпшілік үшін жасаған істерін де жырлаған, оған да ерлік сипат берген.

Әрине, батырлар жыры бір ғасырдың ғана жемісі емес. Ол халықтың ертедегі тұрмыс-тіршілігіне, тарихына, қоғамдық өміріне байланысты туып, солармен бірге жасасқан.

Өзбекстан Республикасының тәлім туралы қабылдаған жаңа заң жоспарында мектептерде тәлім-тәрбие беруді түп-тамырынан жақсарту, жас

ұрпақты өз халқының отансүйгіш азаматы етіп тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілген. Осы тұрғыдан қарағанда, мектеп оқушыларын рухани жағынан жан-жақты жетілдіскен, дамыған азамат етіп тәрбиелеуде әдебиет пәнінің алатын орны, үлес салмағы аса мол.

Қазақ әдебиетін орта мектептерде оқыту методикасы соңғы кездерде ғылыми зерттеу, озат іс-тәжірибелерді жүйелеу, оқытушы қауым арасынан насихаттау істеріне ерекше көңіл бөлініп келмекте. Методика пәні де өзге қоғамдық ғылымдар тәрізді ең алдымен жас ұрпақты саналы етіп тәрбиелеу, олардың бойларына халқымыздың ең абзал, жақсы да жарасымды ұлттық қасиеттерді игерту мақсатында жұмыс алып барады.

Осынау аса ірі де жауапты міндеттерді орындау, іске, жүзеге асыру тек бір ғана немесе бірнеше мамандардың, атап айтқанда, методикамен айналысатын мамандардың ісі болып қалмай, оған қазақ әдебиетін оқытатын сан мыңдаған мұғалімдер ат салысқанда ғана әдебиетімізді бар асыл қасиеттерімен, байлығымен жас ұрпақ бойына сіңіре аламыз.

Аса көрнекті әдіскер-ғалым Ә.Қоңыратбаев фольклорлық жанрды оқытудың қиындығы да, күрделілігі де мол екендігін ескерте келе, батырлар жырын оқытуда мына нәрселерге көңіл бөлуін ескертеді:

«Батырлар жырын оқытуда, алдымен, олардың тақырыбын, тарихи мәнін түсіндіру қажет. Бұдан соң,

а) мұғалім жырдың үзіндісін, басталуын өзі атап көрсетеді, реті келсе, СД дискден не жырау-артистен тыңдаған дұрыс;

ә) жырды бөлімдері бойынша оқушылар әуелі сыныпта, сонан соң үйде оқып, жоспар жасайды;

б) батырлар жырын оқыту барысында әр бөлімін мазмұндатамыз;

в) образдарға мінездеме жасалады;

г) батырлық жырларға тән көптеген суреттеу тәсілдеріне (портрет, монолог, сипаттау, баяндау, гипербола, тілінің ерекшелігіне) арнайы тоқтаймыз;

д) осы негізде батырлар жырының жанрлық белгілері мен идеялық мәні талқыланады. Батырлар – өзінің елін, жерін қорғаудың өнегесі. Олардың тұлғасында ерліктің де, жеке адамдық сезімдердің де (сүю, зарығу, жылау, аңқаулық, ірілік) тамаша белгілері бар. Ата, жары, ата-анасы батыр толғанысын толықтырады;

с) батырлар жырын мазмұндатудың қажеті жоқ, өйткені қара сөзбен жырдың ерекшелігін жеткізуге болмайды, дұрысы – жеке бір монолог, суреттерді оқушыларға ерікті түрде жаттан айтқызып немесе домбыраға қосып орындатқан жөн [22,146]. Бұл пікірден батырлар жырын оқытудағы негізгі міндет пен мақсат айқын да ықшам байқалады.

Біз бітіру жұмысымызға ауыз әдебиеті шығармалары ішінен батырлар жырын (соның ішінде «Қобыланды батыр» жырын) таңдап, негізгі зерттеу жұмысын осы объектіге құрып отырмыз. Мұның өзіне тән бірнеше себептері бар. Алдымен, қазіргі демократия мен тәуелсіздік лебі көптеген ұлттар мен халықтарды өз өткеніне, тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне қайта қарауға, жаңаша көзқараспен баға беруге әкеліп отыр. Бұл, әрине, қазақ халқына да тән. Біздің батырлық эпостарымыз бұрын бір жақты зерттеліп, бағаланып келсе, енді жариялылық арқасында жан-жақты зерттеліп, бүкіл халық мұрасына айналуға.

Орта мектеп бағдарламасының соңғы басылымына сәйкес VI сыныпта «Қобыланды батыр» жырынан үзінді өтіледі. Бағдарламада бұл тақырыпты өтуге төрт сағат ажыратылған. Ал IX сыныпта батырлар жыры туралы түсінік және оның халық тарихымен қатысы, байланысы жайында мәлімет

беріліп, жырлардан «Алпамыс батыр» мен ««Қобыланды батыр» жырлары толық түрде оқытылады.

Бітіру жұмысында әдебиетті оқыту бағдарламасын қатаң басшылыққа ала отырып, негізінен, осы көрсетілген тақырыптардың ішінен «Қобыланды батыр» жырын заманагөй технология құралдары негізінде оқыту жолдары, қолданылатын әдіс-тәсілдер жүйесін өзімізше талдап жинақтауға ұмтылыс жасадық.

Қазақ әдебиетін оқыту методикасы саласында эпостық шығармаларды оқыту жолдарын арнайы қарастырған монографиялық еңбек жоқ. Айырым жырларды оқыту, таныту, сол тақырыпты өту барысында оқушыларға тәрбие беру тәрізді мәселелерді сөз ететін бірнеше газет-журналдық мақалалар бар. Бірақ олар батырлық жырларды оқыту методикасын бір жүйеге түсірген емес. Әркімнің өзінің жеке іс-тәжірибесі аумағында қалып қойылған дүниелер. Біздің жұмысымызда негізінен «Қобыланды батыр» жырын заманагөй технология құралдарымен оқыту процесінде қолдануға болатын тиімді әдістердің бірқатарын қамтыдық деуге болады.

Әдебиет пәні оқушылардың жақсы азамат болып қалыптасуында, оларға жан-жақты тәрбие беруде де үлкен рөлге ие. Осы тұрғыдан келіп, жұмыста «Қобыланды батыр» жырын заманагөй технология құралдары негізінде оқыту арқылы оқушыларға тәрбие беру, оларды отаншыл, өз халқын сүйетін, оған аянбай қызмет ете білетін халқының патриоты етіп шығару мәселесі де жетекші орын алады.

Бітіру жұмысында «Қобыланды батыр» жырын мектепте оқытудың методикалық мәселелері жан-жақты қарастырылады. Бұл тақырып VI және IX сыныптарда өтілетін болғандықтан, сол сынып оқушыларының жас ерекшеліктері, олардың білім дәрежесі ескеріле отырып, оларға лайықты

оқыту тәсілдері қарастырылады. Сондай-ақ заманагөй технология құралдары визуал, аудиовизуал, көрнекі құралдар, оның ішінде батырлар жыры бойынша түсірілген иллюстративтік суреттер мен кестелер, СК диск, қима қағаздар т.б. қосымша материалдарын қалай тиімді пайдалану қажеттігіне тоқталады.

Бітіру жұмыстың қорытындысында тақырыпты зерттеу, жүйелеу барысында ойға түйген негізгі проблемалар санамалап шығылды.

Біздің мамандық жұмысымыз практика және тәжірибеге сүйеніп жазылғандықтан, теориялық-ғылыми тұжырымдар онша көп кездеспейді. Мақсаты айқын мәселелерді, анықталған жәйттерді ғана оқушыларға түсіндіріп, меңгерту, оларды эпостық мұраларға қызықтыру болғандықтан, заманагөй педагогикалық технология құралдары негізінде оқыту жолдарына, әдістерін, кеңірек тоқтадық. Мектепте әдебиет пәнін оқытуда жұмысымыз пайдаға асса, біз негізгі мақсатымызға ерістік дей аламыз.

1.1.БАТЫРЛАР ЖЫРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ТӘРБИЕЛІГІ

Заманымыздың заңғар жазушысы Ғ.Мүсіреповтің «Әдебиет деген- адамгершілікке сүйіспеншілік деген сөз. Өйткені шын мәніндегі көркем әдебиет- азаматтық терең ойдан, адамгершілік асыл идеялардан, биік парасаттан туады»- деген сөздері әдебиеттің ізгілік пен адамгершіліктің жолындағы асыл құрал екенін айшықтай түскендей. Әдебиетті оқытудың басты мақсаты- оқушыларды сөз өнерінің қыр- сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халқымыздың рухани байлығы саналатын- әдебиетті жан- жақты игерту, сол арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Мектепте оқылатын қай пәнді алсақ та, ол білім мен тәрбие беруде үлкен роль атқарады. Соның ішінде әдебиет пәнінің ауқымы, мүмкіндігі, маңызы да ерекше болып келеді. Әдебиет пәні-тұлғаны жан-жақты танудың пәні, оқушыны жан- жақты дамытудың, терең ойлантудың пәні. Оқушылар әдебиет сабағында сезімге беріледі. Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі.

Қазіргі заман -жаңалықтың заманы. Сондықтан оқушы бойына білімді қажетінше сіңіру үшін жаттанды әдістерден тыс, жаңа оқыту әдістерін түрлендіріп оқытуға тырысамын. Өзім ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының екінші деңгей бағдарламасын меңгеріп келгеннен кейін, мен өз тәжірибеме көптеген өзгерістерді енгізуді қолға алдым. Соларға тоқтала кетсем: Оқушылардың бойына отаншылдық сезімдерді тәрбиелеу мақсатында, мемлекеттік тілді үйретуде өз жұмысымда үнемі мыналарды басшылыққа аламын: оқушының күнделікті ауызша, жазбаша тілдік қорларын дамытып отыру, нақыл сөздерді қолдану, мақал-мәтелдерді үйрету, антоним, омоним, синоним сөздерді қолдана білу т.б , сөз тіркесі, сөйлеммен жұмыс, мәтінмен жұмыс, шығармашылық жұмыстары.

Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі өзіне тән мәдени мұрасын оқу-тәрбиеге енгізудің ықпалы зор. Ұлттық тәрбие жүрекке жақын болғанымен, ауқымы шексіз, белгілі бір жүйеге келтірілмеген тың дүниелер.

Оқу үрдісінде аса маңызды буын болып табылатын білім беру мен тәрбие ісін ұлттық мұрат, мемлекеттік мүдде тұрғысынан зерделей отырып дамыту - тәуелсіз еліміздің келешегін тәрбиелеуге өз өмірлерін арнаған ұстаздар қауымына үлкен талаптар жүктейді. Әсіресе, Елбасының тікелей бастамасынан бастау алып, бүгінде елдік іске ұласқан «Мәдени мұра» бағдарламасының түп мақсатына зер салар болсақ, халықтық қазынаның қадір-қасиетін, ұлттық ұлағатты мәдени жәдігерлер негізінде жас ұрпақтың санасына сіңіру болып табылатынын көреміз.

Жас ұрпақтың жігерін жанып, асыл сезімдерін ұштауға әдебиет пен өнер шығармаларының тигізетін ықпалы шексіз. Әдебиетіміз бен өнеріміздің қуатты күшін қазақтың тәуелсіз мемлекетін нығайтуға, ұлттық бірлікке, жастарды Отан сүйеге баулуға, азаматтық міндеттерге үндеуге пайдалану алдыңғы кезекте тұр.

Ұлттық мәдениетіміздің ең үлкен бір саласы - көркем әдебиет десек, сол әдебиеттің ертеден келе жатқан әлеуметтік жүгі мол, кең өрісті саласының бірі - батырлар жыры. Батырлар жырының көркемдік ерекшелігі мен мәні туралы Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан сияқты көптеген ғалымдарымыздың құнды еңбектері бар. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі батырлар жырының мазмұн байлығы мен ой тереңдігі, кейіпкерлердің даралығы туралы тың пікірлері толық зерттеліп бітті деп айта алмаймыз.

Халық ауыз әдебиеті уағыздаған сан-салалы ғибраттар батырлар жырында молынан кездесетіндіктен, әр ұстаз соның мән-мазмұнын ашып, оқушы жанына сіңіруге талаптануда.

Ауыз әдебиетінің ең үлкен саласының бірі ретінде батырлар жырын педагогика ғылымы саласынан зерттесе, патриоттық тәрбие туралы ұғымдар ашылар еді. Белгілі әдебиетші ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Ел, халық санасымен жасалған «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын» сияқты батырлар жырында ел тәуелсіздігін сыртқы жаулардан қорғау сарыны үстем» деген. Шынында да, батырлар жырында патриоттық сезімді ардақтап, батырлықты мадақтаған, ақылдылық, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттер дәріптелген.

«Патриотизм өзінен-өзі келетін қасиет емес. «Отанды сүй» деп жалаң айғайлау жастарды патриотизмге тәрбиелеу боп табыла бермейді, міне мынадай Отанды сүй деп тәрбиелесек, сірә, сол ұғымды болар. Ол үшін ауқымды мемлекеттік бағдарлама, мәдениет жөніндегі заң керек» деген Д.Исабековтің пікірі өте орынды.

Қай халық болсын өзінің батырлар жырында елеулі оқиғаларды көркем бейне арқылы жинақтап, өзінше бағалайды, өзінің көзқарасын білдіреді. Сол бейне - халықтың алып қуатының, қажымас қайратының, сарқылмас күйінің көрінісі. Олар жеке басының қамын ойламайды, елдің амандығы, бүтіндігі үшін отқа күйіп, суға батудан тайынбайтын ержүрек қаһармандар. «Қобыланды батыр» жырында да елдің тәуелсіздігі жырланады. Тыныш жатқан жұртының шырқын бұзған Алшағыр мен Қазанға Қобыланды жалғыз аттанады. «Ел намысы-ер намысы» дегендей, Қобыланды батыр кіндік қаны тамған жерін қорғауға жан-тәнімен әзір екендігін іс жүзінде көрсетеді.

Жырлар сюжетінен орын алған Қобыландының жылқы бағуын, Қамбардың аң аулауын, Тарғынның ат баптауын бейнелейтін көріністерге оқушылар зейінін аудара отырып, еңбектің адам өміріндегі маңызын, тіршілік тірегі екендігін дәйектей көрсетуге болады. Сол сияқты Қобыландының жан серігі – Тайбурылды баптаған Құртқа, басына іс түскен Тарғынды түн ұйқысын төрт бөле жүріп емдеген Ақжүніс, жау зынданында жатып сыбызғы жасаған Алпамыс әрекеттерінің түпкі жемісіне зер салу арқылы еңбектің еш уақытта өтеусіз кетпейдіндігін ұғындыру қажет.

Батырлар жырындағы сүйікті кейіпкерлерінің ерлікке толы әрекеттері кез келген баланы осы батырдай болсам деген арманға жетелейтіні сөзсіз.

Қырық мың атты қызылбас

Қырық кісідей көрінбес

Батырыңның көзіне.

Тікелеп атқан оқтары

Тікенектей қадалмас

Қоблекеннің жүзіне.

Қабағынан қар жауып,

Кірпігіне мұз қатып,

Қатуланып қаттанды,

Буырқанып бұрсанды,

Мұздай темір құрсанды [9,58]

Қобыландының нағыз ержүрек батырға тән ерекше бітімі, мыңдаған жау әскерімен жалғыз өзі шайқасып, жеңіске жеткен, айбарынан жауы сескенген ер тұлғасы оқушыны айрықша сезімге бөлеп, рухтандырады сөзсіз.

Енді бала алшандап,

Қайраты тасып қалшылдап,

Қойға шапқан бөрідей

Жан-жағына ырсылдап,

Әлемді алды айбаты

Қобыландай арсылдап-деген.[9,180]

«Батырлар жырын оқыту» бойынш кіріспе жұмыс ретінде «Батырлар жыры» туралы алғашқы әдеби –теориялық ұғым берілу тиіс. Оқушылар батырлар жырындағы халықтың арманы, халықтың тарихы туралы мәліметтер алды. «Қамбар батыр» жырының мазмұнын меңгерту үшін жырға шағын сюжеттік- композициялық жоспар жасалады. Бұл жоспар арқылы оқушыларға жырдағы басты оқиғалар туралы мәлімет беріледі. Мұғалім жырды оқып беріп, жырдың оқылу мәнерімен таныстырады. Жырды оқушыларға тізбектетіп, мәнерлетіп оқытылады. Эпизодтардан сұрақтар қоя отырып, негізгі оқиғаларды мазмұндату керек. Аннотация жаздыру өте тиімді. Жырмен толық танысып шыққан соң, жетелеу сұрақтарын қою арқылы жырдың толық мазмұнын сұралады. Мысалы, жетінші сыныптарда «Батырлар жырын» оқытуда топтағы оқушыларды 3 топқа бөлсе болады. Оларға «Ой шақыру стратегиясы» арқылы «Батырлар жыры» ұғымын ашатын сөздерді жазу арқылы батырлық, ерлік, қаһарман, жекпе-жек, жүйрік ат, ер, намысшыл, батыл елін сүйетін т.б сөздерді жазады. Батырлар жырының мазмұнымен танысып, жаңа сөздермен сөздік жұмыс жасалады. Түсініксіз сөздерді синонимдермен алмастыру. Жырды үш бөлімге бөліп, әр топ өз бөлімдеріне жоспар құрады. Сабақты бекіту кезеңінде кубизм әдісін пайдалану арқылы 1-ші топ батырлар жырының жанрлық ерекшелігін анықтаса, 2-ші топ батырлар жыры мен лиро эпостық жырларды салыстырды. 3-ші топ зерттеу: «Батырлар жырының» зерттелуі туралы мәліметтермен таныстырды. 1-ші топ қолдану кезеңінде жырдан үзінділер оқыды. 2-ші топ талдау кезеңінде жырдың көркемдік ерекшелігі, тілін талдады. 3-ші топ талқылау кезеңінде батырлар жырының маңызы туралы айтады. Сабақты қорытындылау кезеңінде жырдың тақырыбы мен идеясын

ашылады. Жырда сөз болған мәселелерді анықталады. Батыр бейнесіне топтастыру әдісін қолдану арқылы сөздер іріктеледі. Топта атқарылған жұмыстар бойынша оқушылардың білімдері бағаланады. Үй тапсырмасына жырдан үзінді жаттауға және осы жыр бойынша сызба құру, жобалау жұмыстары беріледі. Рефлексия кезеңінде оқушылар топ болып жыр мазмұны туралы ойларымен бөліседі. Осы жұмыстарды орындату арқылы мен оқушыларға қажетті білім беруге болады деп ойлаймын. Өйткені, үй тапсырмасын тексеру кезеңінде оқушылардың сызба жұмыстары, жобалау жұмыстары арқылы оқушылар жыр туралы толық мәлімет алып шығуға болады. Батырлар жырын оқыту арқылы оқушы бойына ерлік, батырлық, намысшылдық елін сүю т.б қасиеттерді меңгертуге болады. Осы сабақтарды өту арқылы оқушыларға ақын- жазушылардың өмірбаянын, шығармашылық жолын, көркем туындыны т.б қалай жеткізу керек екендігін білеміз.

Адам баласының бойына ізгілік пен адамгершілік қасиеттерін орнықтыру өте ерте заманнан адамзаттың мұрат- мақсаты болған. Осы орайда халық фольклорындағы адамгершілікке негізделген шығармалар зор маңызға ие. Бұл ретте ғалым Ә.Нысанбаев атап көрсеткендей: «...қазақ қоғамында ежелден жеке адамдардың даралық қасиеті жоғары бағаланған. Кез- келген батырлық жырларды немесе халықтың мақал- мәтелдерін сүзіп шығыңыз. Бәрінде де негізгі рөл тұлғаға беріліп, жігіттің батырлығы, дарқандығы адамгершілігі, жомарттығы т. б асыл қасиеттері насихатталады». Олай болса, оқушыларға ұлттық әдеби құндылықтарымыз саналатын - батырлар жыры болсын, мақал- мәтелдерді т.б оқытуда оқушы бойына адамгершілік құндылықтарды қалыптастыра білу қажет. Адамның рухани әлемінің нығаюы мен кемелденуіне білім жүйесінің қосары көп. Батырлар жырын оқыту арқылы оқушылардың ақыл-ойлары өрістеп, терең ойлай білуге үйренеді. Жан-жақты ойлау мүмкіндіктерінің артуы алынатын білімімен бірге дами бермек.

1.2. «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ әдебиеті дамуының желісінде әдеби тек жанрларының жаппай дамуы ХХ ғасырда өрістеді. Көркем әдебиеттің лирикалық, эпикалық поэзия жанрларының ауызша да жазбаша да үлгілер қалыптасуының, дамуының көп ғасырлық тарихи бар қазақ сөз өнері кәсіби сахна өнеріне арналған драмалық туындылар жазу үрдісін де де игере бастаған еді. Шығарманың өзегіне сюжеттік сипаттың шағынынан бастап мол көлемділерін қамтитын эпостық туындылар (күлдіргі сөз (анекдот), әңгіме, очерк, новелла, повесть, поэма, оқиғалы өлең, роман, роман-эпопея) бәрі де қазақ сөз өнерінің әлем әдебиеті үдерісіндегі классикалық деңгейдегі көтерілген биіктігін дәлелдеді. ХХ ғасырдағы қазақ прозасының романдары эпикалық сипатпен жазылатын көркем шындық поэтикасының көрнекті көрсеткіштері қатарын құрады. Ертедегі халық сүйген жанрдың бірі - эпикалық жырлар. "Эпос-идеялық, көркем мәні және композициялық құрлысы жағынан музыкалық-поэтикалық фольклордың ең күрделі, ең ірі жанры. Өйткені оның негізінде халық тарихындағы қиялы-қилы кезеңдер, халық тағдырына байланысты ірі проблемалық мәселелер алынған. Эпостарда қанатты философиялық сөздер жиі ұшырасады. Батырлар жырында кездесетін афоризмдер елге үлгі боларлықтай ерлік істі, қаһармандықты бейнелесе, ғашықтық жырларындағы қанатты сөздер, жырдың ішкі мазмұнына сай әр алуан лирикалық сезімдерге құрылған. Бұған Асан, Қазтурған, Бұхар жыраулардан бастап, Махамбет, Базар жырау, Кашаған, Нұрым, Майлықожа, Нұралы, Жамбыл, Мұрын, Тұрмағамбет секілді сөз жүйріктерінің туындыларынан мол мысал келтіруге болады.

Классикалық эпос пен батырлық ертегісіне тән, типологиялық сипатта болып келетін «қаһарманның дүниеге келуінен бастап, оның өмірін толық қамтуды, яғни оның қайтыс болғанына дейінгі жәйтті баяндауды қажет ететін ғұмырнамалық (биографиялық) тұтастану перзентсіз ата-ана, болашақ батырдың ерекше тууы, оның тез өсіп жетілуі, алғашқы ерлігі, үйленуі,

қаһармандық істері, қартаюы сияқты бірнеше кезеңнен тұрады. Жырларда көбінесе, батырдың ғажайып жағдайда тууы мен ерлік көрсеткен тұстары кең түрде, көтермеленіп суреттеледі. Батырлық жырларда Қобыланды, Алпамыс, Қамбар сияқты батырлардың ерлік қызметінде жалпы ұлттық мүдде бұлыңғыр да, ал оның есесіне рулық, тайпалық мүдде анық, ашық көрініп жатады. «Қобыланды батыр» жырын оқыту. Жыр мәтінін оқыту тәжірибесіне, ұйымдастыру шеберлігіне, ізденімпаздығына, жаңашылдығына, шәкіртінің даярлығына байланысты. Жыр мазмұнын таныстырғанды мұғалім жырдың өн бойында Қобыланды батырдың басынан өткен бір-біріне жалғаса дамыған төрт түрлі сюжеттік оқиғаны аңғартады.

1.Қобыландының дүниеге келуі, өсуі.Қызыл ерді жеңіп, Құртқаны елге алып келуі.

2. Қараманның тілегімен Қазанға аттанып, Көбіктіні жеңуі.

3.Қараманға ілесіп, біраз азап көріп, жеңіске жетуі.

4.Қобыландының Алшағырды жеңіп, елді азат етуі.

Жыр композициясындағы батырдың басынан өткен осы төрт оқиғаның шамасын аңғартқаннан кейін оның идеялық мазмұны азаттық үшін күрес екені тұжырымдалады. Осы сюжеттік оқиғалардың жоспарын жасаймыз десек, шамамен былай жіктелген болар еді:

1-сюжет жоспары:

1.Тоқтарбайдың байлығы, зары, перзент көруі.

2. Жас Қобыландының ермегі, жылқыға келуі.

3.Қобыландының Етемістен бата сұрауы.

4. Қобыландының Көктем Аймақ еліндегі өнері мен ерлігі.

5. Құртқаның көкала биені көруі және тілегі.

2-сюжет жоспары:

1.Қараманның Қобыландыға тілегі.

2.Қобыландының жауабы.

3.Құртқаның Тайбурылды алып шығуы.

4. Қобыландының Қазанға аттануы.
5. Қобыландының сырлы қаланы алуы.
6. Қобыландының Қазанмен жекпе-жегі.
7. Қобыландының жау тобын талқандауы.

3-сюжет жоспары:

1. Қараман мен Қобыландының
2. Көбікті жылқысына тиюі.
3. Екеуінің Көбіктіге тұтқын болуы.
4. Қарлығаның қос батырды сынауы.
5. Қарлығаның Қобыландыға көмегі.
6. Қобыландының Көбіктіні жеңуі.

4-сюжет жоспары:

1. Қобыландының елін азат етуге аттануы.
2. Тоқтарбайдың баласын жоқтауы.
3. Қобыландыға көмекке келгендер.
4. Қобыландының Алшағырды жеңуі.
5. Қобыландының елін азат етуі.

Сабақта мұғалім жырдың оқырманды қызықтырып, еліктіріп отыру себебін анықтау үшін композициялық құрылысындағы компонентерге назар аудартады. Жырдағы көлемді монологтар: Естемістің Қобыландыға, Құртқаның Естеміске, Қобыландының Қараманға, Қарманның Қобыландыға, Қарлығаның Қараманға айтқандары жатады. Қалғандары шағын монологтар. Тайбурылдың шабысын суреттеуде ұлы даламыздың аң-құстарынан құлан, құлжа, көкқұтан, дуадақ, ақсұңқар атаулары да туған жеріміздің табиғатын еске салады. Аллаға, пірге, әулиеге сиынудың мәнінде жырда елеулі маңыз беріледі. Жыр мәтініндегі бейнелі сөздерден де ұлттық сананы қалыптасатыруға болады. Жырдағы теңеу, эпитет, ауыстыру (метафора) сияқты көркемдіктер төрт түлік малға қатысты болып, ұлттық табиғат

аясының жан-жануарына, аң-құстарына теңеліп көркем бейне жасайды. «Тобылғы торы менді ат, қылшық жүнді қара, қозы жауырын қу жебе, ақмоншақ ат, бөрі құлақ ен жылқы» сияқты эпитеттер, батырды «сұңқарға, жолбарысқа, арыстанға, көкжалға» балаған ауыстырулар, бейнелі теңеу сөздер ерлікті жан-жақты сипаттау, үдете суреттеу үшін қолданылады.

Шындығында да қазіргі заман талабына жауап бере алатын мұғалім сабақты өзінің шеберлігімен өтіп, оқушылардың сана-сезімін, білім мен біліктілігін арттырып отыруы керек. Бұл талапты «Қобыланды батыр» жырын аудио және аудиовизуал құралдар арқылы оқыту арқылы орындауға әрекет етеміз.

Аудио есіту арқылы мәліметті үйрену, меңгеру мүмкіндігін беруші СД диск, түрлі дисктер, музыка құралдарының дауысы т.б. болуы мүмкін.

Қазіргі күнде көбірек аудиовизуал құралдар, яғни бір уақыттың өзінде әрі есітіп, әрі көруге болатын кино, басқа да дыбысты видео көріністер кең қолданылып жатыр.

Әдебиет сабақтарында аудиокұралдар мынадай жұмыс түрлерінде пайдаланылады: оқушылардың сөйлеу дағыдаларын дамыту, сөздік қорларын байыту, дұрыс сөйлей білуге жаттықтыру, өлеңдер мен әндерді жаттатқызу, фабулалық мәтіндер мен диалогтарды тыңдату, классикалық және қазіргі кездегі музыканың граммафондық немесе СД дискілік жазуларын тыңдату, сөз шеберлері, аса белгілі артистердің орындауындағы мәтіндерді, поэзиялық туындыларды тыңдату, кинофильмдердің мазмұнын дыбыс арқылы жандандыру сияқты жұмыс түрлері оқушылардың өздігінен білім алуына көмектеседі.

СД диск әдебиет сабақтарында мынадай мақсаттарда қолданылады: СД дискке жазылған мәтінді қара сөзге айналдыру, өлеңмен жазылған сөздерді қара сөзге айналдыру, диктор тарапынан оқылған белгілі бір тақырыпқа

жазылған мәтінді CD диск арқылы тыңдатып, оған жоспар жасата отырып, мазмұндама, шығарма, диктант жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ шығарманың тіл ерекшелігін таныту, идеялық мәнін, мазмұнын ашу мақсатында үлгілі мәтіндерді, көркем шығарма үзінділерін тыңдату арқылы тіл дамыту жұмыстарын ұйымдастыру өте пайдалы.

Оқу фильмдері сабақ процесін жандандырып, оқушылардың ой-өрісін дамытып, әр түрлі оқиғаларға құрылған әңгімені нақты түсіндіруге мүмкіндік жасайды.

Оқу фильмді әр түрлі тақырыптардың оқыту барысында, сондай-ақ белгілі бір жазушының шығармасын оқытуға байланысты пайдаланады. Оқу фильм сабақтың әр кезеңінде жаңа материалды түсіндіру, жаттықтыру, қайталау, тіл дамыту, мазмұндама, шығарма жаздыру мақсатында пайдаланылады.

Кино - ғылыми-техникалық көрнекі оқу құралдарының ең жетілген түрлерінің бірі. Әдебиет сабақтарында оқу фильмін пайдалану оқушының ықыласын арттырады, қызықтырады, ой-өрісін кеңейтеді, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіреді. Оқушының сол пәнге деген ықыласын арттырып, көзбен көрген нәрселерді естерінде ұзақ сақталады.

Орта мектептерде тәлім-тәрбие жұмыстарын жақсарту шаралары- мектеп реформасын амалға асыру жолдары – әдебиет пәнін оқытуда да үлкен өзгерістер, тиімді жаңалықтар жасағаны мәлім. Сол өзгерістердің бірі- мектепте батырлар жырын оқытуға байланысты болды.

Қобыланды, Тайбурыл туралы «Қобыланды» жырындағы эпизод жас балалардың ой-өрісіне әбден сәйкес келетін, оларды қызықтырып, баурап тартатын туынды. Мұнда әсірелеу, күшейте суреттеу тәсілдері мейлінше көп, сондай-ақ жас балалар жырдың осынау эпизодына қатты қызығады, әрі Тайбурыл тәрізді аттың бейнесі де оқушыларға керемет әсер етеді. Оның үстіне оқушыларды малды күтуге, малдың, оның ішінде жылқының қазақ

халқының тұрмысы мен өмірінде ерекше орын алғандығы, қазір де жылқы өсіру, оны баптап күту қажеттігі танытылады, яғни бұл үзіндінің тәрбиелік тұстары да оқушылар үшін өте тиімді болмақ.

«Қобыланды батыр» жырын оқытуға мектеп бағдарламасында төрт сағат берілген. Ең алдымен оқытушы осы берілген төрт сағатты қалай пайдалану, жырды қандай тақырыпшаларға бөліп оқыту жайында әбден ойланып, соған лайықтап жоспар жасап алуы шарт.

Мектеп тәжірибесінде қандай шығарманы болмасын алдымен мазмұнын оқып танысып алу қажет, өйтпейінше оны талдау, ол туралы әдеби-теориялық білім беру мүмкін емес. Осы тұрғыдан келгенде, «Қобыланды батыр» жыры ең болмағанда, оқулықтағы үзіндісі оқушыларға алдын ала оқуға тапсырылады. Шығарманы оқушылар үйде оқып шыққан соң ғана талдау жұмысына көшкен мақұл деп есептейміз. Осы төрт сағат ішінде бұл тақырыпты өткенде текстпен істелетін жұмыс түрлері, негізінен шығарманы оқу, ауызша мазмұндау, жоспар жасау керек. Осыған орай алғашқы сабақта жырдың идеялық мазмұны мен тақырыбын анықтап өткен тиімді. Ол үшін үйде жыр тексін оқып, оның мазмұнымен танысып келу тапсырылады. Себебі оқушыларды бірінші сабақта жырдың мазмұнымен таныс болуы келесі сабақтарда істелетін жұмыстарға мұрындық болады. Жыр мазмұнымен танысып білу үшін, оны түгел ауызша мазмұндатып, олардың қалай түсінгенін байқау керек. Мазмұндауда оқушылардың шала түсінгенін не ерекше назар аударуды қажет ететін жолдар-үзінділер сыныпта оқытылады.

«Қобыланды батыр» жырына арналған бірінші сабақта оқушыларға батырлар жыры туралы қысқаша түсінік беріледі. Бұл методикалық тұрғыдан кіріспе әңгіме сипатында болады. Оқушыларға кіріспеге әңгіме жүргізе отырып, қазақта қандай батырлар болғандығы, қандай батырлық жырлары бар екендігі, қайсысы қандай жырларды оқығандығы не тыңдағандығы сұрап

отырылады. Оқушылардың арасында «Қобыланды батыр» жырын білетіндері бар болуы мүмкін. Мұхтар Өтебаевтың айтуымен жазылған СД дисктен «Қобыланды» жырын тыңдауды жоспарладық.

Біздің жағдайымызда методикалық тұрғыдан қиындық келтіретін тағы бір жағдай – оқушылардың жыр тексін толық меңгере қоймауы.

Әрине, бұл жоспар жырдың үзіндідегі мазмұнын толық қамтуды мақсат етеді. Жоспардың тиімділігі оқушылар жыр тексін оқи отырып, осындағы пункттердің бәріне де жырдан жауап табады, өзінше ізденеді, ойланады. Жалпы шығарманы талдау үшін тиімді жасалған жоспардың пайдасы мол.

Біз жоқарыда, «Қобыланды» жырын тыңдадық дегенбіз. Мұның да оқушыларды қызықтырыуда үлкен септігі тиді. Тіпті оқушылар арасында бір неше оқушы домбыра тарта алуы мүмкін, енді оларда «Тайбурылдың шабысын» бейнелейтін жерлерден үзінділер жаттап, оны домбыраға қосып, жыршыларша орындап беруге ынтығады.

Әрине, әдістемелік әдіс-тәсілдер әр мұғалімнің өз жағдайына байланысты, әр түрлі бола беруде мүмкін. Ал осының бәрінің тоғысар арнасы – сабақты тиімді етіп, оқушыларға терең де тиянақты білім беру. Ол үшін оқып отырған пәнге оқушы қызығуы, ықласпен қарауы керек. Әйтпесе, зорлап оқыту оның бойына жұқпайды.

Сабақта СД диск арқылы М.Өтебаевтың орындауындағы «Қобыланды батыр» жырынан Тайбурылдың шабысын оқушыларға есіттірсек, өте әсерлі және тартымды болар еді.

Жырда батырдың қанаты - Тайбурыл бейнесі өте шебер жасалған. Жыршы ақын көркем сөз айшықтарын талғампаздық пен қолданып аттың тек сұлу мүсінін ғана емес, оның «айшылықты алты аттап» дүлдүл екендігін де ерекше сипаттауда үдету (гипербола) әдісін шебер қолданады. Тайбурыл шабысы үнемі үдеп отырады, әуелде «қарсы келген қабақтан Бурыл қарғып

жөнеледі» десе, әрі-беріден соң жануар «Арандай аузын ашады, аяғын топ-топ басады. Бір төбенің тозаңын, бір төбеге қосады» деп, ал кешке жақын болғанда, «жын қаққанға ұқсады» деп суреттейді. Мұғалім оқушылардың назарын жырдағы осы суреттеуге аударып, жырдың көркемдік шеберлігін де аша білуі керек. Ол үшін оқушыларға мынадай сұрақтар тастап, оған олардан жауаптар алдық, кейін осы жауаптарды өзімізше қорытып отыруға болады.

2.1.«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫН ОҚИТУДА КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДАН ПАЙДАЛАНУ

Өзбекстан Республикасы мектептерінде білімдегі жаңару процесіне байланысты әлеуметтік өміріміздің барлық салаларында сан-салалы өзгерістер болуда. Атап айтқанда, жеткіншек ұрпаққа ғылым негіздерінен терең де тиянақты білім беру, оқу жоспарларын, бағдарламаларды, оқулықтардағы көрнекі оқу құралдарын әлеуметтік-экономикалық, не ғылыми-техникалық прогрестің талаптарымен, оқушылардың жас ерекшеліктерімен сәйкестендіру, еңбек ресурсын, кәсіптік бағдар беруді дұрыс жолға қойып, оны түбегейлі жақсарту міндеттері қойылып отыр.

Жалпы білім беретін мектептегі білім сапасын көтеру проблемасына байланысты әдебиетті оқыту, оның мазмұны мен мақсаты, келешектегі даму жолын анықтау – аса жауапты да күрделі іс. Оны тек ғылыми-педагогикалық тұжырымдама негіздеріне сүйенгенде ғана ойдағыдай іске асыруға болады.

Оқытудың түрлі әдістерін қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, өз бетінше ізденімпаздығын мен іскерлігін, дағдысын дамытады, оқу процесін үйлестіруге көмектеседі, мұғалімнің сабақтың сапасын жақсартуға деген құлшынысын арттырады.

Оқу әдістерін жетілдірудің осындай оқу-тәрбие міндеттерін шеше алатындығын ескере отырып, бүгінгі таңда оқытудың жаңа әдістері қолданылып келмекте.

Сабақты қызықты да әсерлі өтуі жаңа тақырыпты тартымды түсіндірілуіне байланысты. Көрнекілік пен техникалық құралдарды, жаңа педагогикалық технология құралдарын ұтымды пайдалану оқытудың негізгі міндеттерін ойдағыдай шешуге игі ықпал етеді. Оқушылардың материалды жеңіл меңгеруіне мүмкіндік туғызады, олардың сабаққа ынтасын күшейтіп, қызығушылығын арттырады.

Әдебиетті оқытуда қолданылатын педагогикалық технология құралдарының қатарына көрнекі құралдар да кіреді.

Оқыту процесінде көрнекі құралдардан пайдалану мұғалімнің үйретіп жатқан теориялық білімдерін оқушылар өз көздерімен көріп, қабылдауына, сезуіне және меңгеріп алуына мүмкіндіктер жаратады.

1. Мектептерде қолданылатын көрнекі құралдар екі топқа бөлінеді:

Түп нұсқасы бойынша көрсету мүмкін болған заттар мен құбылыстар – өсімдіктер, олардың құрылысы, жан- жануарлар, коллекциялар машиналар, модельдер т.б.

2. Бейнелеуші көрнекі құралдар. Ол өзінің мазмұны және құрылысы бойынша екі түрге бөлінеді:

а) заттар, құбылыс пен жабдықтардың көрінісін сәуледендіруші – суреттер, фотосуреттер, оқу фильм, кинофильмдер, видеофильмдер т.б.

б) заттар, құбылыстар және жабдықтардың белгілі бір шартты белгісі арқылы сәулеленген символикалық және схемалық көрінісін бейнелеуші – география және тарих карталары, сызбалар, кестелер, диаграммалар т.б.

Бейнелеуші көрнекі құралдардың екеуі де иллюстрация материалдары деген түсінікте қолданылады.

Көрнекі құралдардан дұрыс пайдалану үшін төмендегіше ережелерге негізделу керек:

- сабақ басталған уақытта оқушыларға көрнекі құралдардан пайдаланудың мақсаты түсіндіріледі;

- мұғалімнің сабақты түсіндіруінің белгілі бір бөлімінде көрнекі құралдар көрсетіледі немесе тарқатылады;

- көрсетілген көрнекілікті мұғалім баяндап береді.

Әдебиет сабақтарында көрнекі құралдарды пайдалану теориялық ұғымдарды, шығармалардың мазмұнын, кейіпкерлер дүниесін түсінуге көмектесіп ғана қоймай, сондай-ақ оқушылардың пікір алысуына да мүмкіндік туғызады. Көрнекі құрал мұғалімнің сабақта өткен материалдарды қайталау, жаңа материалдарды түсіндіру, бекіту мақсаттарында қолданылу

мүмкін. Сондықтан да көрнекілікті белгілі бір мақсат қоя отырып пайдалану қажет.

Сонымен бірге қолданып жатқан көрнекі құрал сабақтың мазмұнын ашып беруі және сабақты оқыту әдісіне сай келуі керек.

Сайып келгенде, әдебиет сабақтарында қолданылатын көрнекіліктердің түрі осы сияқты әр алуан. Көрнекілік неғұрлым көп болса, сабақты оқыту соғұрлым тиімді деп те айтуға болмайды. Сабақта бірнеше көрнекі құрал пайдалану да тиімсіз.

Көрнекіліктің мақсаты - оқушыларға нақты нәрсені көрсету ғана емес, нақтылықтан деректі қорытынды жасауға үйрету. Нақтылы көрнекі материалды саналы түрде меңгеру үшін қабылданатын зат пен құбылысты дұрыс байқау, талдау жасауға бағыт, дағды беріледі, яғни оқушы көрген нәрсені дұрыс байқай отырып, ең бастысы қайсысы екенін ажыратуға, оның артықшылығын байқауға, заңдылықтарды анықтап, одан қорытынды шығаруға үйренетіндей мақсат қойылады.

Оқушылардың білім дәрежесінің жоғарылауы мұғалімдердің, тәрбиешілердің, жалпы білімдендіру саласындағы қызметкерлердің алдына үлкен міндет қояды. Сондықтан оқушылардың тиімді білім алуына ерісуде және жаңа материалды тыңғылықты түсіндіруде ең бір маңызды құрал – көрнекі құрал болып табылады. Ол оқушының көру, сезу дағдысын дамытады, эстетикалық сезімдерін оятады, өз бетінше жұмыс істеуге болған қызығушылығын арттырады. Әсіресе, орта мектептерде әдебиет пәндерінде көрнекіліктен пайдалану сабақтың құндылығын арттырары сөзсіз.

Көрнекі құрал оқушылардың белгілі бір туынды бойынша берілген материалдарды тек жаттау жолымен емес, ал оны толық түсініп, үйренуіне мүмкіндік тудырады. Көрнекі құрал конкрет факттерден қорытылған пікірлерді баяндап тұрады. Ондағы суреттер жәрдемінде оқушылар санасында тілдің белгілі бір саласы бойынша түсініктер қалыптасады. Көрнекі құрал арқылы түсіндіру олардың көрген-білген нәрселері туралы сенімді сөйлеу дағдысын арттырады. Олар өтілетін тақырыпты көрнекі

құралдан жаңа факт, не жаңа материалды көру арқылы түсінсе, ол нәрсе оқушы санасына толық жетеді. Сондықтан ұлы педагог К.Д.Ушинский көрнекі құралдың маңызын былай бағалайды: « Сіз балаға қандайда таныс емес бес сөзді үйретің. Ол сөзді біліп алғанша ұзақ уақыт жұмсайды және орынсыз басын ауыртады. Ал, суреттер арқылы үйретілген 20 сөзді көзді ашып-жұмғанша үйреніп алады», - деп орынды айтқан.

Мұғалім әдемі және мазмұнды көрнекі құрал дайындауы, оны қолдануы арқылы оқушылардың сол туынды бойынша мәліметтерді үйренуге болған қызығушылығын арттыра түседі. Көрнекі құрал арқылы мұғалім және оқушының бірге пікірлесуі үлкен маңызға ие. Мұнда мұғалім сабақ процесінде сол тақырыпқа байланысты оқуын, жазуын, айтып беруін бақылап барады. Оқушы көрнекі құрал бойынша ойланады, салыстырады, өз пікірлерін білдіреді, қорытынды шығарады.

Тәжірибелі мұғалімдер мүмкіндігі болғанынша жаңа материалды қандай да бір жолмен оқушылардың санасына жеткеруге әрекет етеді. Мұнда, ең алдымен, көрнекі құралдарды дұрыс істеп және оны орынды пайдалана білу керек.

Көрнекі құралдар оқу дәстүріне сәйкес жасалады. Ондағы сызылмалар, кестелер, мысалдар анық және оқушыға түсінікті болуы керек. Алынған материалдың тәрбиелік ролі күшті және кітаптағы материалдан айырмашылығы болуы керек. Көрнекі құрал тақырыптың оқушыларға ең бір қиын сәттерін түсіндіруді өз ішіне алады. Егер де көрнекі құрал үшін алынған факттер мен мысалдар оқушыларды қызықтыратын мәселелер төңерегінде алынып, жаңа тақырыптың негізгі мазмұнын ашуға толық жауап берсе, теориялық білімді оқушыларға түсіндіруді бірқанша жеңілдетеді.


Мұғалім көрнекі құрал пайдаланғанда оны сабақтың барысына қарай түрліше таңдап алуға болады. Бірақ мысалдар біркелкі болмай, әр түрлі мазмұнда болғаны жөн. Бірыңғай мысалдарды көптеп беру оқушыларды зеріктіреді, олардың көрнекі құрал жәрдемінде жұмыс істеуге болған

қызығушылығын төмендетеді. Сондықтан көрнекі құрал әр түрлі болғаны жақсы.

Көрнекі құралды барлық сабақтарда қолдана беруге болмайды. Ондай жағдайда оқушылар кітаптағы материалға назар аудармай қояды. Сондықтан оқушының түсінуіне оңай болған материалдарды көрнекі құралсыз-ақ кітап материалдары арқылы түсіндіруге болады. Кейде жаңа тақырып материалдарының күрделілігіне, оны оқушылардың меңгеруінің қиындығына қарай, бір сабақтың өзінде әр түрлі формадағы 3-4 көрнекі құралдан пайдалану мүмкін. Мұндай сабақтарды көрнекі құралсыз өту оқушының тыңғылықты білім алуына, түсінікке ие болуына кедергі жасайды.

Көрнекі құралдар көбінесе сабақты түсіндіру кезеңінде қолданылады. Мұны 6-сыныпта «Қобыланды батыр» жырын өтуде ондағы кейіпкерлер бейнесімен таныстыру басқышында қолдануды мақұл таптық.

Алдымен, Қобыландының, Тайбурылдың, Құртқаның суреттері тақтаға ілінеді.



Қобыланды мен Тайбурыл

Қыз Құртқа



Әдебиет сабағында жиі қолданатын көрнекілік - кесте. Ол бұрын таныс емес материалды нақты түсіндіруге, оқушылардың тез тақырыпты меңгеріп алуына өте ыңғайлы.


Жаңашыл педагогтардың озық идеялары мен тәжірибелері оқу әдісінде мұғалімдер тарапынан қолдау тауып отырады. Атап айтсақ, В.Ф Шаталов технологиясының басты принципі: кезеңдік бақылау, үздіксіз қайталау, ірі

блоктар бойынша оқыту, тірек сызбаларды пайдалану, жеке тұлғаны жетістікке жетелеу, күш түсірмей оқыту, тәрбиемен байланыстыру.

В.Ф.Шаталовтың технологиясына сүйене отырып, «Қобыланды батыр» жырындағы кейіпкерлер әлеміне тірек сызбалар жасап, сабақта пайдаланамыз. Сызбалардың оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамытатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Қобыланды бейнесін айқынырақ, таныстыру үшін мына кестеден пайдаланған жөн:

Кесте № 1

Қобыландының қасиеттері



Сондықтан бұл кестенің құрылысы 6-сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай келеді. Кестеде негізгі мәселе дараланып берілген, яғни Қобыландының өзіне тәндігін, бойындағы бар қасиетін оқушының саналы түсінуіне көмектесетінін көруге болады.

Жырды түсіндіру барысында Қобыландының айналасындағы кейіпкерлерді де екі топқа бөлеміз:

1.Қобыландының туыстары мен достары

2. Қобыландының дұшпандары

Бұл бойынша кестені мына тұрғыда жасасак, оқушылардың түсінуіне оңай болады:

Кесте № 2

№	Қобыландының туыстары мен достары	
1.	Әкесі	Тоқтарбай
2.	Анасы	Аналық
3.	Қарындасы	Қарлығаш
4.	Сүйікті жары	Құртқа
5.	Сүйікті тұлпары	Тайбурыл
6.	Достары	Естеміс, Қараман, Қарлыға, Орақ батыр

Кесте № 3

№	Қобыландының дұшпандары	
1	Қызылбас	Қызыл ер
2	Қызылбас	Қазан
3	Қалмақ	Алшағыр хан
4	Қалмақ батыры	Көбікті

Қобыланды бейнесін таныту үшін «Тармақтар» әдісінен пайдаланғанымыз дұрыс болады.

Бұл әдіс педагогикалық, дидактикалық стратегияның белгілі бір формасы болып, ол білім алушыларға проблемалар (тақырыптар) туралы ашықтан-ашық ойын және пікірлерін еркін баяндау үшін мүмкіндік жаратуға жәрдем береді. Бұл әдіс түрлі пікірлер ортасындағы байланыстар туралы пікірлеу мүмкіндігін беруші жағдайды анықтауды талап етеді. «Тармақтар» әдісі анық объектіге бағытталмаған пікірлеу формасы болып есептеледі. Одан пайдалану адамның миі қызметінің істеу принципімен бірге алып

барылады. Бұл әдіс белгілі бір тақырыптың, не проблеманың оқушылар тарапынан терең және тыңғылықты игергеніне дейін пікірлеу қызметінің бір қалыпта болуына қызмет етеді.

«Тармақтар» әдісін оқушылар жеке және топ болып ұйымдастырылған сабақта орындауы мүмкін. Топ негізінде ұйымдастырылған сабақтарда осы әдіс топ мүшелері тарапынан білдірілетін идеялардың жиынтығы есебінде байқалады. Ал бұл болса, топтың әрбір мүшесі тарапынан баяндалатын пікірлерді жинақтау және олар ортасындағы байланысты табу мүмкіндігін береді.

«Тармақтар» әдісінен пайдалану төмендегіше іске асады:

1. Нені ойлаған болсаңыз, соны қағазға жазың. Пікіріңіздің сапасы туралы ойлап отырмай, оларды жаза берің.

2. Жазуыңыздың орфографиялық немесе басқа қәтелеріне көңіл бөлмең.

3. Берілген уақыт аяқталғанша жазуды тоқтатпаң. Егер белгілі бір уақытта қандай да бір пікірді ойлай алмасаңыз, ол жағдайда қағазға бір нәрсенің суретін сыза бастаңыз. Бұл әрекетті жаңа пікір пайда болғанша жалғастырың.

4. Белгілі бір түсінік айналасында мүмкіндігінше көбірек жаңа пікірлерді табу және осы пікірлер ортасындағы өзара байланыс пен бірлікті көрсетуге әрекет етің: пікірлер жиынтығының сапасы және олар ортасындағы байланысты көрсетуді жоққа шығармаң.

Жаңа тақырыптың тиімділігіне жету үшін өтілген тақырыптар бойынша қысқаша қайталау мақсатында сұрау-жауап әдісін қолданамыз. Оны төмендегіше ұйымдастыру мүмкін:

1. Қобыланды кім?

2. Қобыландының туылып өскен жері.

- 3.Қобыландының өзіне тән қасиеттерін ата.
- 4.Қырлы қала мен Сырлы қаланы кім басып алды?
- 5.Құртқаның Тайбурылды бағуы
- 6.Қобыландының Көбікті үстінен жеңісі
- 7.Алшағыр хан кім?
- 8.Қарлығаштың достығы.

Өтілген тақырыпты қайталау үшін берілген сұрақтарға жауап алу арқылы оқушылар санасында жаңа тақырыпты меңгеруге негіз қалыптасады. Бұл болса жаңа тақырыпты меңгерудің тиімділігін арттырады. «Тармақтар» әдісіне негізделіп, топ негізінде ұйымдастырылып жатқан сабақтарда бұл әдіс топ мүшелері тарапынан білдірілген пікірлердің жинағы түрінде жарыққа шығады. Әрбір топ мүшесі белгілі бір пікірді айтады, содан кейін барлық пікірлер жинақталады.

Бұл үшін мұғалім сынып оқушыларын 3 немесе 4 топқа бөледі. Оларға белгілі бір тақырыпты айтады. Бұл тақырып толық меңгергенге дейінгі өткен жол (үйренген материалдар) үлгісі келтіріледі. Соған негізделіп, «Қобыланды бейнесі» деген тақырыптың мазмұнын ашу. Мұны анықтағанға дейін оқушылар төмендегі проблемалар үстінде еркін, анық ойлау, пікірлеу мүмкіндігіне ие:

«Қобыланды кім?» деген мәселе бойынша пікір жүргізеді.

Сабақтың барысы:

Қайталау үшін алдын ала дайындалған сұрақтар беріледі. Оқушылар осы арқылы өтілген тақырыпты қайталап алады.

Мұғалім оқушыларға «Тармақтар» әдісінен пайдаланудың төмендегідей тәртібін белгілеп береді:

1. Ортаға тастаған проблема («Қобыланды кім?») бойынша нені ойлаған болсаңыз, соны қағазға жазың. Пікіріңіздің сапасына мән бермең.

2. Жазудағы қәтеге көңіл аудармаң.

3. Берілген проблеманы шешуге 20 минут уақыт берілген. Сіз осы уақыт ішінде тоқтамай жаза берің. Жазу үшін пікір таба алмасаңыз, сөз таптарына байланысты суреттер сызың. Мұны сөз таптары туралы ойыңызға жаңа пікір келгенше істей берің.

4. Мүмкіндігінше сөз таптары бойынша көбірек пікір айтуға, жазуға әрекет қылың және олар бір-бірімен байланысты болсын. Олар арасындағы шексіз бірлікті көрсетің.

Бұл басқыштарды орындап болған соң, әрбір топтағылар өздерінің Қобыланды бойынша пікірлерін жинақтайды, олар арасындағы байланысты тауып бір системаға түсіреді және мұны мұғалім мен басқа топ өкілдерінің назарына ұсынады. Бұл үшін әрбір топтан өкіл сайланады. Топ тарапынан жиналған пікірлер жинағы оқып есіттіріледі.

«Тармақтар» әдісі бойынша келтірілген жоғарыдағы басқыштарды басып өткеннен кейін оқушылар өз-өзінен жаңа тақырыпты түсініп алады. Себебі, бұл жерде барлық пікірлерді мұғалім емес, ал өздері ойлап табады. Мұнда әр түрлі көзқарастар, пікірлер ортаға тасталады және мәселенің шешімі ізделеді. Шешімді табу үшін іздену барысында жаңа білім және мәліметтер, тақырыпқа тиісті қажетті белгілер ашылады, меңгеріледі.

Сабақ соңында мұғалім оқушылардың пікірлерін белгілі бір қорытындыға келтіреді және хабарландырады. Оқушылардың білімдері бағаланып, белсенді қатынасшыларды мадақтап, үйге тапсырма береді. Солай етіп, «Тармақтар» әдісі оқушылардың өз бетінше еркін пікірлеу

дағдыларын қалыптастырумен бірге олардың шығармашыл ойлау, ізденушілік дәрежесін де дамытады, берілген проблеманы шешуге баулиды.

2.2. «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫН КОМПЬЮТЕР ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҮЙРЕНУ

Бүгінгі күнде Республикамызда тәлім-тәрбие саласына түбегейлі өзгеріс енгізудің бір түрі - «Жеке адамның мүддесі және білім үстемдігін» іс жүзінде қолдану. Осы мәселені шешуде оқытушы-педагогтар алдында қиын да күрделі мәселе тұр.

Өзбекстан Республикасы «Білім туралы» заңы, «Кадрлар дайындаудың ұлттық бағдарламасында» белгіленген мақсат пен міндеттер басқышпа-басқыш іске асырыла бастады. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты және оқу бағдарламалары істелініп шығып қазіргі күнде оқу жүйесіне еңгізілуде. Демек оқытушы-педагог күрделі, әрі жауапкершілігі мол міндеттерді орындау үшін қандай әдістемелік қасиеттерге ие болуы керек - деген сұрақтардың туындауы сөзсіз.

Кезінде дәстүрлі оқыту тізімін жазбаша және ауызша әдістерге сүйеніп жұмыс істеу нәтижесінде «ақпаратты оқыту» жүйесі сапалы жемістер берген еді. Бүгінгі күннің талабы - оқытушы қызметінің тек қана оқу процесін ұйымдастыруды ғана емес, бәлкім терең ғылыми потенциалға ие болған педагог кадрлар дайындау назарда тұтылуда. Ғылыми-техникалық ақпарат құралдарының дамуы, бүгінгі күн оқу процесінде оларды қалай пайдалану және жастарды өмірге белгілі де, жетік етіп дайындау нәтижесінде оқыту тізіміне жаңа педагогикалық технология есігін айқара ашып енуде.

Бүгінгі күнде Республикамызда тәлім-тәрбие саласына түбегейлі өзгеріс енгізудің бір түрі - «Жеке адамның мүддесі және білім үстемдігін» іс жүзінде қолдану. Осы мәселені шешуде оқытушы-педагогтар алдында қиын да күрделі мәселе тұр.

Өзбекстан Республикасы «Білім туралы» заңы, «Кадрлар дайындаудың ұлттық бағдарламасында» белгіленген мақсат пен міндеттер басқышпа-басқыш іске асырыла бастады. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты және оқу бағдарламалары істелініп шығып қазіргі күнде оқу

жүйесіне енгізілуде. Демек оқытушы-педагог күрделі, әрі жауапкершілігі мол міндеттерді орындау үшін қандай әдістемелік қасиеттерге ие болуы керек - деген сұрақтардың туындауы сөзсіз.

Кезінде дәстүрлі оқыту тізімін жазбаша және ауызша әдістерге сүйеніп жұмыс істеу нәтижесінде «ақпаратты оқыту» жүйесі сапалы жемістер берген еді. Бүгінгі күннің талабы - оқытушы қызметінің тек қана оқу процесін ұйымдастыруды ғана емес, бәлкім терең ғылыми потенциалға ие болған педагог кадрлар дайындау назарда тұтылуда. Ғылыми-техникалық ақпарат құралдарының дамуы, бүгінгі күн оқу процесінде оларды қалай пайдалану және жастарды өмірге белгілі де, жетік етіп дайындау нәтижесінде оқыту тізіміне жаңа педагогикалық технология есігін айқара ашып енуде.


Өткен ғасырдың 50-жылдары орта шегінде оқытудың процесінде ерекше технологиялық бағыт проблемасы көтерілді. Оқыту процесінде жаңа инновациялық технологиялық әдіс-амалдар енгізілді. Бұл бағыттың қабырғасы болып саналған бағдарламалық оқыту жүйесінің мақсаты бірыңғай элементарлық мәселелерге де көңіл аудару еді. Ал енді педагог-әдіскерлерді қызықтырған нәрсе оқыту жүйесіндегі оқушылардың анық мақсатына жету мәселесін және ой пікірлерін жеткізе алатын жаңа инновациялық технологиялардың әдістемесін іске асыру қажеттігі туындады.

Бағдарламалық оқытудың XX ғасырдың 60-жылдары қалай дамығандығы туралы американдық ғалым У.Шрамманың пікірінше «Бағдарламалық оқытуда репетитар секілді қадамдары бірдей тіпті қате жасамауы, дұрыс жауап беруі, мұның барлығы сабақтың мақсаты болады»- дейді.

Сол жылдары оқыту процесінде қарама-қарсы технологиялық оқыту жүйесін толық істеп шығу, сабақ процесінде оқушылардың өзіндік ой-пікірін анықтау қажеттігі туындады. Ал 70-жылдардың соңында жаңа инновациялық технологиядағы айқындалған пікірлерді сабақ процесінде қолдану мәселесі қарастырылады. Бүкіл дүние жүздік баспа орындарында жаңа инновациялық технология жөнінде жаңа түсінік қозғарастар жарияланды. Жапон ғалымы

Т.Сакамато жаңа инновациялық технологияны педагогика ғылымындағы системалы оқыту деп атады. Жаңа инновациялық технологияны оқытудың предметін конструкторлық оқытудың предметін профессионалдык дайындықпен бару және негізгі істеліп шыққан сабақ мақсатында бағалауға дейінгі процесс қамтылған деп тұжырым жасалады.

Жаңа инновациялық технология қолданушылар нәтижелі табыстарға жету үшін, әрине оқытушы оқыту барысында өзінің педагогикалық шеберлігіне көңіл аударды. Әрбір жеке оқушының мінезін сабаққа актив (белсенді қатнасуын қадағалау) жаңа инновациялық технология проблемасы болып қала береді. Шындығында сабақ процесінде оқушының жағдайы негізгі мәселе болып тұруы шарт. Сондықтан тек теориялық білім беруде ғана емес, практикалық сабақтарда да жаңа инновациялық технология қолдану іс-тәжірибелерінде көрінуде. Жаңа инновациялық технология мақсатын бастап баға мөлшеріне дейінгі процесті мынадай кестемен көрсетуге болады.



Бұл кесте оқытудың спецификалық жақтарына қарамайды. Кез келген сабақ процесінде мақсат пен мазмұн арнайы беріледі. Оқу процесіне тәуелді тәрізде үйренудің нәтижесі әрдайым бағалауымен аяқталады.

Сонда кесте ерекшелігінің бірі коррекциялық материалдар арқылы қайта байланыс жүйесі арқылы іске асырылады. Жоғарыдағы мәселелерден тұжырым жасай отырып, сабақ процесі алғаш оқытудың мақсатын алғашқы бағалау нәтижелеріне қайта байланыста мақсатқа толық жетуге, сондай-ақ қорытынды бағалау нәтижелерін өз ішіне қамтиды. Жаңа инновациялық технология - негізгі болған сабақ проблемасының мақсатын шешу және нақтылыққа жету мәселелерін төмендегі тараулардан қарастырамыз.

Жаңаша оқыту жаңа инновациялық технология жақтаушылар методист ғылымдардың әр түрлі көзқарасына ілікті. Методистердің пікірінше сабақ процесінің созылуы және нақтылай нәтиже туралы сөз жүргізеді.

Шындығында әрқайсы оқытушы оқушыға берілген білімінің жемісі нәтижелі болуын арман етеді. Белгілі бір пәннің тарауын меңгеріп болғаннан соң, оқытушы мақсатқа жету үшін оқушыларды тарау бойындағы өз түсінігі бар ма, әлде жоқпа деген мәселесіне көңіл аударады.

Ия, «игеру», «меңгеру», «түсіну» және «қолдану» сияқты мақсаттарға оқытушы және жете алды ма деген сұрақтарға жауап іздеуіміз шарт. Оқытудың түрлерін түсініп меңгеру үшін шет ел методисттері іс-тәжірибелерінен алынған мысалдар мен таныстырумыз мүмкін. Негізгі мәселе:

I. Оқытушы шығармашылығы мақсатындағы ерекшеліктері.

II. Оқыту мақсатын қолданудың ішкі процесі.

III. Оқыту процесінде оқушының ролі.

Жоғарыдағы мәселелер екі негізгі жолмен шешімін табады.

1. Жүйелі оқыту мақсатының нақтылығы, іштей олардың категориялары және мөлшері белгіленеді. Ғылымда бұл алғаш иерархия деп аталады, ал қазіргі күнде «таксономия» деп аталады.

2. Максималда анықтылықтан нақтылы мақсатқа жету, яғни оқытушы нақтылықтан сабақ формасын жасай алу мүмкіндігіне ие болу керек.

Заманагөй оқытуды іске асырудың ең қажетті шарты оқу пәндері бойынша хабар негіздерін, соның ішінде жаңа педагогикалық технологиялардың тез және ыңғайлы пайдалану мүмкіндігін жарататын түрлерінен әр бір оқушы және мұғалім еркін қолдана алатын жағдай тудыру болып есептеледі. Яғни сапалы білім беру үшін дәстүрлі екі жақ – оқушы мен оқытушыға қажетті хабарларды жеткеріп беруші қызметін ұйымдастырып беру керек.

Бұл ақпарат технологияларын тәлім-тәрбие процесінде пайдалану бағыты деп аталады. **Ақпарат технологиялары** тұрмысымыздың барлық тарауларына кіре бастауы қоғамымыздың дамуына өз әсерін тигізіп жатыр.

Ақпарат технологияларынан әдебиет сабағында кең пайдалану оқу материалдарын оқушылар тарапынан дұрыс қабылдау және меңгеру нәтижесін арттырады. Сондықтан да компьютер құдіретті білімдендіру

құралына айналып жатыр. Әрине, бұл компьютер оқытушының барлық қызметін өз мойнына алады деген сөз емес. Ал мұғалім компьютерден пайдалануы, онда істеуі арқалы оқыту процесін жеделірек ұйымдастырып, оқушылардың терең білім алуына жол ашады.

Ақпарат технологияларын әдебиет сабағында қолданғанда, мультимедиа технологиялары заманагөй программаластырылған техникалық құралдар (аудиохабар, видеохабар және анимация, мультимедия) түрлеріндегі көріністерде хабарды түрлі сезу органдары тарапынан қабыл ету дәрежесін жоғарылатуды іске асырады. Бұл сабақтарды қызықты өтуге, оқушылардың білуге болған қызығушылығын ізденімпаздығын, шығармашылдығын арттыруға бағыттайды.

“Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық” дегендей, сабақтарда мүмкіндікке қарай мультимедиялық проекторды пайдаланып отырсақ оқытушының ұтары мол болып табылады. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл технологияны пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- этнопедагогикалық тәрбие береді;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Мультимедиялық проекторды пайдалану арқылы оқытушы:

- барлық баланы оқыту;
- оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
- білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
- оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену мүмкіндіктеріне ие болады.

Ақпарат технологиясының дамуы нәтижесінде «Қобыланды батыр» жырын оқыту үшін компьютерден төрт түрлі бағытта пайдалануға болады.

1. «Қобыланды батыр» жырының өзіндік ерекшеліктерін таныту;
2. «Қобыланды батыр» жырына байланысты кестелер, сызбалар істеп шығу;
3. «Қобыланды батыр» жырының мәтінін тыңдату;
4. Оқушылардың шығармашылдық қабілетін дамыту, білім дәрежесін бағалау және тексеру.

Бірінші бағыт «Қобыланды батыр» жыры бойынша білім берудің теориялық негіздерімен байланысты. Программаның нәтижелілігі «Қобыланды батыр» жырын басқа жырлардан айырмашылығы, жырдың өзіне тәндігі, жыр және оның зерттелуі туралы ғалымдардың пікірлерін оқушылардың терең түсінуі, оларды шығармашылдық, ізденімпаздыққа баулиды. Сондай-ақ, оқушылардың көру, сезу, сол арқылы есте сақтау қабілеттерін қалыптастырады және сабаққа қызығушылығын күшейтеді.

Екінші бағыт компьютер арқылы білім беру технологиясымен құралдандырады. Оқу материалдарын таңдау және тапсырмаларды орындау әр бір оқушының әрекетшендігі, талапшандығы негізінде іске асады. Әдебиет сабағында оқушылар «Қобыланды батыр» жырын толық түсініп алу үшін компьютерде әр түрлі суреттер (Қобыланды, Құртқа, Тайбурыл, Қараман т.б.) көрсетіледі. Жыр кейіпкерлерінің суреттерін оқушылар өз көздерімен көрді. Сабақ процесінде жырдан эпизодтар көрсетіледі немесе жыр мәтінінен үзінділер тыңдатылады. Әрбір эпизод, не үзінді өзіндік тәлім-тәрбиелік мәнге ие болуы керек. Сондықтан оқытушының ауызекі баяндап, түсіндіргеніне қарағанда, бұл оқушыларға бірқанша түсінікті болады және есінде жақсы сақталады. Сондықтан оқушыларға төмендегідей сұрақтар мен тапсырмалар беріледі:

1. Қобыланды образын баянда.
2. Құртқа мен Тайбурылдың қандай байланыстылығы бар?
3. Қобыландының Қараманға достығы
4. Тайбурылдың шабысы жырда қалай суреттелген?

Үшінші бағыт автоматтастырылған білім беру басқышында білім беру, бағалау және тексеру қызметтерін компьютер арқылы орындағанда, ең бірінші орында оқу қызметін іске асырудың негізгі параметрлерін ажыратып көрсету керек. Бұл оқу қызметінің мазмұнымен оны қолдану барысында оқушыларды бойсындыру, оқу мәселелерін талдау, сондай-ақ білім берудің жәрдемші әсерлерін талап етеді. Компьютермен білім беру және оны тексеріп бағалау системасын істеп шығу үшін әр бір әдебиетші мұғалім сұрақтардың мазмұнына назар аударуы маңызды роль ойнайды. Берілген сұрақтар арқылы оқушы «Қобыланды батыр» жырының ерекшелігін айқындай ала ма; сұрақтар оқу қызметінің қайсы түріне (мазмұндық, операциялық, мотивтік) қаратылған; сұрақ анық немесе анық емес пе; ол оқушылардың белсенділігін, оқу қабілетін арттыра ала ма; сұрақтардың дәрежесі (онда олардың берілген мәселеге, оның түріне, бүкіл оқу мәселелеріне қатынасы), берілген проблеманы қалай шеше алады – соларды есепке алынады.

«Қобыланды батыр» жырын аяқтау немесе қайталау сабақтарында тест сұрақтары арқалы оқушылардың білім дәрежесі тексеріледі.

Әдебиет сабағының ең салмақты жағы сол, онда пән тек «тындау» емес, ал «орындау» жолы арқалы оқытылады. Онда тек нәтижеге емес, ал үйрету, үйрену процесіне де көңіл бөлінеді. Бұл жағдай оқушылардың ойлау қабілетін өз уақытында дамытуға жәрдем береді, практикалық жұмысқа аян, ат үсті қарым-қатынаста болуын жоққа шығарады.

I. Баға мөлшерін белгілеу. Баға мөлшері бұл жүйеде негізгі мәселе болып табылады. Нақтылық таксономия мақсаттары тізімін оқушы қабылдап алуы қажет. Оқушылар білімін тексеру үшін тест сұрақтары жасалады. Содан кейін ғана өтілген тараулардан алған білімдер тексерілді. Тест жауаптарына қойылған бағалар негізгі баға болып есептелінбейді. Соңында дүние жүзі қабылдаған баға мөлшері қойылады (рейтинг жүйесі негізінде). Бұдан кейінгі кадам - альтернативтік көмекші құралдар арқылы тест сұрақтарын жаңалау. Кейбір оқушылар материалды меңгермегендіктен қосымша жағдай жасалады

да және өзінің қанағаттанарлы меңгерген материалына жақын жұмысты алып шешеді.

Әдістемелік-тәжірибелік сабақтардың бірыңғай түрлері төмендегідей:

1. Негізгі бөлім - оқыту процесінде оқушылар материалды толық меңгеруі.

2. Әрбір тақырыпты оқытуда оқушыларға толық меңгерту.

3. Тақырыпты толық меңгерген соң, оны бағалау

4. Әрбір оқушының алған бағасын талқылау.

Бірінші кезекте оқытушы оқушыға тақырыпты толық меңгертіп, оқытудың нақтылы мақсатын кесте (сызба) негізінде жүзеге асырады. Ал сабақ бөлшегін анықтауда оқытушы әрқашан тест қолданады (тесттің варианты өзгереді, бірақ формасы сақталынып қалады).

Сабақ процесінде оқыту технологиясының негізгі мақсаттарының бірі - баға мөлшері. Баға мөлшеріндегі алғашқы баға қою міндеті сабақты қалыптастырушы қызмет атқарады. Бұл қызмет қайта байланыс және коррекция (көмекші) жолымен іске асырады. Ал қорытынды баға баллдық жүйе негізінде беріледі. Алғашқы және қорытынды баға өзіндік критериялық характерге ие. Алғашқы баға қоюда (тест) әр бір тарау бойынша тексеру жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстың мақсаты - оқушылардың тақырыпты өте тез меңгеруге көмектеседі. Көпшілікке мәлім осындай бір варианттардың бірі - белгілі бір тараудағы материалдар қамтылып қатар жауаптар қойылады.

Әр бір сұраққа жауап беру үшін төрт жауап беріледі, барлық жауаптардың дұрыстығы бір-біріне ұқсауы мүмкін, бірақ дұрыс жауап болуы шарт. Әдетте жауаптар мына әріптермен белгіленеді: А,В,С,Д. Содан кейін оқушы өзінің жауабын тесттің кілтімен салыстырады да қайсы сұрақтарға дұрыс жауап бергендігіне көзі жетеді. Жауап бере алмаған сұрақтарға, мүмкін болса, оқытушының көмегімен консультация жасалады. Соған қоса оқушыларға оқу материалдарынан (көмекші құралдар, видео материалдар, лабораториялық жұмыстар) жеңілдік жасалынады. Төменде мұндай тесттің жобасы берілген:

1-кесте

<p>Аты</p> <p>Күні.....</p> <p>Тест.....</p> <p>Әрбір сұраққа өз жауабыңызды енгізіңіз. Өзіндік тексеруден кейін жауап берген сұрақтарға дұрыс болса + таңбасын қойыңыз.</p>	<p>Бұл тесттің негізгі мақсаты - сабақ процесінде белгілі бір проблеманы шешу.</p> <p>Тест нәтижелерінің қорытынды бағалау нәтижелеріне әсері болмайды. Бұл жерде оқу материалдарының тізімі, сұрақтар қайта қаралады. Әрбір берілген сұраққа жауап таба алмаса оқулық бойынша сілтемесін табу керек.</p>
--	---

Қ/с	Жауап варианттары	Дұрыс жауап	Оқу құралы	
1.	А, В, С, Д		1..... - бет.	2...бет
2.	А, В, С, Д			
3.	А, В, С, Д			

Жаңа инновациялық технологияның әдістерінің бірі - сабақ процесінде тесті қолдану. Жоғарыдағы тесттің үлгісін сабақтан тыс уақытта да өткізе болады. Әрине оқытушы жағынан тест тапсырмалары жасалынады және баға қоюда да қайта байланыс жолымен мақсатқа жету қажетілігі ойластырылады. Тест әдісі Орта Азияда бірінші рет республикамыздың орта мектептері, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында қолданыла бастады.

Тест әдісіндегі негізгі мақсат аз уақыт ішінде оқушылардың білімдерін тез тексеру және бағалау болып есептеледі.

Білімдендіру саласында тест тиімді әдістердің бірі болып есептеледі. Онда

- оқушының танымдық қабілеті артады;
- үлкен тарауды, бөлімді тұтас түсінуге бағыт береді;
- тапсырмалар орындау мүмкіндігіне қарай таңдалады;

- жалпыдан жекеге қағидасы жүзеге асады;
- оқушылардың белсенділігі жоғары болады
- өз бетінше жұмыс жүргізіп, білім жинақтайды
- деңгейлік тапсырмаларды білім деңгейіне қарай таңдайды;
- тақырыпты өз еркімен таңдайды.

Мұнда тест сұрақтары қаншалықты анық және ыңғайлы, оқушылардың пікірлеуіне зияны тимейтіндей етіп, олардың жас ерекшеліктерін есепке алып жасау өте маңызды. Тест сұрақтарының орны және оның мазмұны әр түрлі етіп дайындалуы оқушылардың өз бетінше пікір жүргізуін дамытады, келешекке анық баға беру қабілетін қалыптастырады, өзіне деген сенімін арттырады.

«Қобыланды батыр» жырын оқытуда тест алу сабақты пысықтау басқышында жүргізілсе жақсы нәтиже береді

«Қобыланды батыр» жыры бойынша **тест сұрақтары компьютерде** өткерілсе мақсатқа сай болады, себебі компьютерден пайдалану:

- оқушыға компьютерден тікелей пайдалануға мүмкіндік жаратады;
- уақыттан үнемді пайдалану және үнемделген уақытын оқушылар қосымша білім алуға пайдалану мүмкін;
- оқушыларда қазақ тілі пәнін үйренуге қызығушылық оятушы сезімді қозғайды;
- оқушылар оқу проблемасын оңай шешуге үйренеді;
- оқушылар біліміне берілген бағаның объективтігі артады.

Жалпы, оқушылар практикалық жұмысқа дайындық көруде апта ішінде оқулықтағы материалдарды ізбе-із үйреніп, түсініп, қойылған сұрақтарға жауап табуға дайындалу барысында пайда болған проблемаларды, сұрақтарды мұғалімнен сұрайды. Болмаса оқушылардың тест сынақтарынан жақсы өтуіне қиындық туады және көздеген нысанаға жете алмайды.

«Қобыланды батыр» жырына байланысты оқу материалдары оқулықтан алынып, тест сұрақтары түзіледі де, оқушылардың «Қобыланды батыр»

жыры бойынша түсінігін айқындайды, анықтайды. Мысал ретінде бірнеше тест сұрақтарын келтірейік:

1. Қобыландының руы

А) Қаракыпшақ

В) қызылбас

С) ноғай

Д) қазақ

Жауабы: А)

2. Қобыланды батыр неше жаста атқа мінеді?

А) жеті

В) алты

С) он үш

Д) төрт

Жауабы: В)

3. Қобыланды Құртқаны алу үшін қай батырмен күреседі?

А) Қараман

В) Естеміс

С) Қызыл ер

Д) Орақ

Жауабы: С)

4. Қобыландының жорыққа бірге шығатын досы

А) Естеміс

В) Қараман

С) Орақ

Д) Алпамыс

Жауабы: В)

5. Қобыланды Қазақ қаласын неше күнде жаулап алады?

А) он екі

В) отыз

С) бір

Д) бес

Жауабы: А)

6. Қараман мен Қобыландыны торға түсіріп, ұстап алған кім?

А) Алшағыр

В) Көбікті

С) қызылбастар

Д) Естеміс

Жауабы: В)

7. Қобыланды дүниеге келгенде әкесі Тоқтарбай неше жаста болған?

А) алпыс

В) сексен

С) тоқсан

Д) жиырма

Жауабы: С)

8. Қобыландының қарындасы кім?

А) Қарлығаш

В) Қарлыға

С) Аналық

Д) Гүлпаршын

Жауабы: А)

9. Қобыландының тұлпары

А) Тарлан

В) Тайбурыл

С) Байшұбар

Д) Қара ат

Жауабы: В)

10. Қарлыға не себептен әкесі Көбіктіні өлтіртеді?

А) мал-дүние үшін

В) әкесін жаман көреді

С) Қобыландыны сүйіп қалады

Д) қызғаныштан

Жауабы: С)

11. Қобыланды жорықта жүргенде өз елі Қараспанды қайсы хан жаулап алады?

А) Көбікті хан

В) Алшағыр хан

С) Естеміс хан

Д) Тайшық

Жауабы: В)

12. Қобыландының сүйген жары

А) Құртқа

В) Қарлыға

С) Қарлығаш

Д) Жұпар

Жауабы: А)

13. Қарлығаның мінген аты

А) Көкбесті

В) Ақмоншақ

С) Тарлан

Д) Тайбурыл

Жауабы: В)

14. Қобыланды мен Қараман қай елді жаулап алады?

А) Қызыл қала

В) Қазан

С) Сырлы қала

Д) Есіл

Жауабы: В)

15. Қобыландының құлдар арасындағы досы

А) Естеміс

В) Орақ

С) Қараман

Д) Ұлтан

Жауабы: А)

Мұғалім осы түрдегі 15-20 шақты тест сұрағын алдын-ала компьютерге кіргізіп дайындап қояды да, оқушылардың «Қобыланды батыр» жыры бойынша алған білімдерін өздеріне тексертеді. Оқушылардың қанша сұраққа дұрыс жауап бергендігі дереу компьютер экранынан көрінеді. Мұның өзі оқушылардың білуге деген құштарлығын, күшейте түседі.

Жалпы, компьютер түймелерін басу арқылы құбылыс не процестің характерін өзгертіп, нәтиже қалай болғанын байқауы немесе оны басқаруына мүмкіндік береді.

Тест программаларынан пайдаланып, оқушылардың білімін бақтау «Қобыланды батыр» жырын оқыту барысында ұйымдастырылып барылса, оқушыларда әдебиетке, соның ішінде ауыз әдебиеті бойынша терең білім алуына қызығушылығын оятады.

Компьютерде тест алу мәселесінде оқытушы оқушыларға сабақты қалай толық меңгерту мәселесіне бар күшін салады. Бұл процесс төмендегіше іске асырылады:

1.Сынып оқушылары жаңа әдіс бойынша оқытылады, яғни жақсы нәтижелерге жету мақсатында;

2. Әр бір оқушы тақырып бойынша қорытынды бағаланады;

3.Оқушының бағасын басқа оқушының бағасымен салыстыру (белгіленген мөлшер негізінде, бұл жерде мөлшердің ең жоғарғы бағасын белгілеу);

4.Әр бір оқушы ең жоғарғы баға мөлшеріне ие болса, онда «өте жақсы» деген баға қойылады;

5.Жаңа инновациялық технологияда өте жақсы баға қою шектелмейді. Оқушылардың өте жақсы алған бағасын бір-бірімен салыстыру;

6.Әрбір оқушы кез-келген көмек алуы мүмкін. Егер ол тақырыпты бір тәсілмен игере алмаса, онда оған басқа мүмкіндіктер жасалады;

7. Тақырыпты меңгеру барысында оқушы оқытушы тарапынан тексеріледі. Бұл тексерулердің нәтижелері бағаланбайды. Тек қана тақырыптағы түсініксіз болған қателерді жөндеу және түзетумен шектеледі;

8. Кез келген материалды меңгеру қиыншылық туса, тез арада альтернативтік көмек беріледі (материалды меңгеруде көмекші құралдар қолданылады) ;

9. Бұл мүмкіндіктерді тез арада қолданып, қәте және түсініксіз болған материалдарды терең меңгеріп алуға болады.

Байқап отырғанымыздай, бастапқы басқыштың өзінде-ақ жаңа инновациялық технологияның логикаға сыйымдылығы байқалып тұр, яғни сабақ процесінен бастап соңғы нәтижеге дейін қарастырылады. Жаңа сабақ дәстүрі бойынша түсіндіріледі. Соннан соң бір тақырыпты толық меңгерген оқушылардан диагностикалық тест алынады. Нәтижелері сол мерзімде тексеріп, оқушыларға хабарланады. Бұл дегені оқушы материалды толық меңгертіп алды деген сөз емес, тек қана толық меңгеру баға мөлшері негізінде іске асырылады. Мұндай жұмыстарды атқарып болғаннан соң оқушылар екі топқа бөлінеді. Білім мен дағды процесін толық және толықсыз меңгерген оқушылар қосымша тақырып үйренуге, сыныптағы оқушыларға көмек беруге немесе жаңа материалды өтуге дейін бос болуы мүмкін.

Сонымен, «Қобыланды батыр» жырын оқытуда ақпарат технологияларын қолдану оқушылардың білім дәрежесін жетілдіріп, байқағыштық қабілетін, еркін пікірлеуін нығайта түседі.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Мұғалім өз жұмысын бағдарламаға негізделе отырып жоспарлайды: яғни қандай әдістемелік әдістерді қолдануға болады, дидактикалық материалдарды қалай ұштастыру қажет, оқулықтағы жаттығу материалдарын тиімді пайдалану жолдарын, ең тиімді деген әдістемелік тәсілдерді белгілеп, үйде, сыныпта орындайтын жаттығу жүйесін іріктеп, оларды қалай жүргізу керектігін жоспарлайды.

Заманагөй педагогикалық технология құралдарымен оқытудағы басты мақсат оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру және өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, сондай-ақ одан логикалық қорытынды шығаруға үйрету болып табылады.

Өмірде бар заттар мен құбылыстарды көрнекі құрал арқылы көрсету мектепті өмірмен байланыстырады. Демек, теорияны практикамен ұштастыру жөніндегі дидактикалық принципті жүзеге асыруға көмектеседі. Нақты көрнекі материалды сапалы түрде меңгерту үшін қабылданатын зат пен құбылысты дұрыс байқау, анализ жасау керек. Дұрыс анализ жасау арқылы оқушы көрген затының негізгі бөлшегі мен қосымшасын ажыратуға, салыстыруға, белгілі қорытынды жасауға, заңдылықтарын анықтауға үйренеді. Көрнекілікті белгілі тақырып мақсатына сай пайдаланғанда ғана тиімді болмақ.

Заманагөй педагогикалық технология құралдарын оқу процесінің барлық кезеңінде пайдалануға болады.

Бұл бітіру мамандық жұмысымызда «Қобыланды батыр» жырын заманагөй педагогикалық технология құралдарымен оқытудың әр түрлі жолдарымен таныстық.

Жұмысымыздың кіріспе бөлімінде әдебиет сабағында заманагөй педагогикалық технология құралдарын пайдаланудың тиімділігін «Қобыланды батыр» жырын оқыту жолдары арқылы түсіндіруді мақсат етіп

қойылғандығы, тақырыптың көкейкестілігі мен оның объектісі жайлы сөз етіледі.

«Жырды аудиовизуал құралдар арқылы оқытудың тиімділігі» деген бөлімде «Қобыланды батыр» жырын М.Әуезовтың «Қара қыпшақ Қобыланды» драмасымен салыстыра оқыту жолдарын баяндасақ, «Жырдағы кейіпкерлер бейнесін көрнекі құралдар арқылы оқыту технологиясы» тарауында Қобыланды, Құртқа, Қараман, Тайбурыл бейнелерін ашып беруде кесте, тармақтар, венн диаграммасы, суреттерден қалай пайдалану жолдарын байқадық. Ал «Қобыланды батыр» жырын вербал құралдар арқылы оқыту әдісі» деген тарауда 9-сыныпта «Қобыланды батыр» жырын шолу лекция өтудің тиімділігін, «Жырды компьютер технологиясы арқылы үйрену» тарауында болса, оқушылардың «Қобыланды батыр» жыры бойынша алған білімдерін компьютер арқылы тексеру және бағалау жолдарын талдап өтіп, төмендегідей қорытындыға келдік: «Қобыланды батыр» жырын оқытуда

- заманагөй құралдарын қолдану оқушылардың білім сапасын артырады, өз бетінше ізденімпаздығын мен іскерлігін, дағдысын дамытады, оқу процесін үйлестіруге көмектеседі, мұғалімнің сабақтың сапасын жақсартуға деген құлшынысын арттырады;

- аудиовизуал құралдардан пайдалану оқушылардың көру, есіту, байқағыштық қабілеттерін жоғарылатып, өз бетінше пікір жүргізуіне, байқағандарын еркін айта білуіне дағдыландырады;

- Көрнекі құрал оқушының көру, сезу дағдысын дамытады, эстетикалық сезімдерін оятады, өз бетінше жұмыс істеуге болған қызығушылығын арттырады. Сол сияқты көрнекі құралды пайдалану оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтырып, одан логикалық қорытындылар шығаруға тәрбиелейді;

- «Тармақтар» әдісі оқушылардың өз бетінше еркін пікірлеу дағдыларын қалыптастырумен бірге олардың шығармашыл ойлау, ізденушілік дәрежесін де дамытады, берілген проблеманы шешуге баулиды, ашықтан-ашық ойын және пікірлерін еркін баяндау үшін мүмкіндік жаратуға жәрдем береді

- Қима қағаздарды тиімді пайдалану сабақтың мазмұнын кеңейтіп оқушылардың білім сапасын арттыруда жақсы нәтиже береді;

- вербал құралдары арқылы оқыту оқушылардың өз бетінше ізденуге, әрбір сұраққа толық және анық жауап беруіне жаттықтырады;

- Тест сұрақтарының орны және оның мазмұны әр түрлі етіп дайындалуы оқушылардың өз бетінше пікір жүргізуін дамытады, келешекке анық баға беру қабілетін қалыптастырады, өзіне деген сенімін арттырады;

- оқытуда ақпарат технологияларын қолдану оқушылардың білім дәрежесін жетілдіріп, байқағыштық қабілетін, еркін пікірлеуін нығайта түседі.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1.Каримов И.А. Соғлом авлод – бизнинг келажагимиз. Т., Абу Али Ибн Сино, 2000
- 2.Каримов И.А. Юксак маънавият – енгилмас куч. Тошкент, «Шарқ»,2008
- 3.Каримов И.А. Озод ва обод ватан, эркин ва фаровон хает пировард мақсадимиз. Тошкент, «Ўзбекистон», 2000
- 4.Абдиреймова Т. Қазақ тілін проблемалы оқытудың тиімді жолдары, Нөкіс, «Қарақалпақстан», 2009
- 5.Ақшолақов Т. Мектепте әдеби шығарманың компоненттерін оқыту. А.1995.
- 6.Ақсауыт. Батырлар жыры. Екі томдық. I том. А.,1977
- 7.Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962
- 8.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. А.1990.
- 9.Батырлар жыры. Екі томдық. I том.А., 1987
- 10.Бойцова Ф. Роль и место зрительно-слуховой наглядности в обучении. Сборник материалов научно-практической конференции.М. 1973
- 11.Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу, Алматы,2002
- 12.Дашко Л.И. Наглядность при изучении русского языка в V-VIII классах. Москва. 1995
- 13.Жұмалиев Қ, Ақшолақов Т, Қ.Сейданов, А.Бунсинбаева. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық-хрестоматия, Ташкент, «Ўзбекистон», 2006
- 14.Жұмажанова Т. Оқушылардың оқырмандық қызығушылығын арттыру мәселелері. А. 1988
- 15.Жұмажанова Т. Әдебиеттен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістік негіздері. А.1995
- 16.Жданова Г.А. Методика применения технических средств, Казань, 1990
- 17.Исабаева Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері, А., 1993
- 18.Йулдошев Ж.Ф., Усмонов С.А. Педагогик технология асослари. Т. 2004

- 19.Кенжебеава Т. 3-рус класы ушын карақалпақ тилинен көргизбели қурал дүзиў, оннан пайдаланыў. Нөкис, «Қарақалпақстан», 1984
- 20.Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А.1994
- 21.Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. Алматы, 1990
- 22.Қоңыратбаев Ә. 4-7 сыныптарда әдебиет оқыту методикасы А.1987ж.
- 23.Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. А. 1988
- 24.Құлмағамбетова Б. Қазақ тіл сабағында техникалық құралдарды пайдалану,1990
25. Мейірманқұлова Т. Білім берудің инновациялық технологиялары, А., 2005
- 26.Нуржанова Р. Бошланғич таълим мазмунининг Янги моделлари. Т. 2007
- 27.Омарұлы М, Ә.Исабаев, Т.Қалдыбаев Әдебиет. 6–сыныпка арналған оқулық. Ташкент, «Ўзбекистон» 2003
- 28.Тоғжанов С. Дастаннан драмаға. Алматы, 1990
- 29.Смирнова В.Н. Наглядное обучение орфографии. Состав слова.М. 1995
- 30.Янги педагогик технология асослари (интерфаол дарслар) Инновацион жараен. Фалсафа ва ҳуқуқ институти нашриети, Т., 2007
- 31.[www. Ziyonet.uz](http://www.Ziyonet.uz)
- 30.www.edunet.uz
33. Google. kz

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	6
I Т А Р А У	
1.1.Батырлар жырының өзіндік ерекшелігі мен тәрбиелігі.....	11
1.2.«Қобыланды батыр» жырын оқыту жолдары.....	17
II Т А Р А У	
2.1.«Қобыланды батыр» жырын оқытуда көрнекі құралдардан пайдалану әдістері.....	25
2.2. «Қобыланды батыр» жырын компьютер технологиясы арқылы үйрену жолдары.....	37
Қорытынды.....	52
Пайдаланған әдебиеттер.....	55